

Балалар мен жасөспірімдердің денсаулығын сақтау мәселелері туралы

Күшін жойған

Павлодар облыстық әкімиятының 2003 жылғы 2 қазандағы N 218/9 қаулысы. Павлодар облысының Әділет басқармасында 2003 жылғы 16 қазанда N 2079 тіркелді. Күші жойылды - Павлодар облысы әкімдігінің 2009 жылғы 18 қыркүйектегі N 178/13 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Павлодар облысы әкімдігінің 2009 жылғы 18 қыркүйектегі N 178/13 қаулысымен.

Балалар мен жасөспірімдердің дene бітімі мен психикалық денсаулығын сақтау және қорғау, компьютерлік клубтардың, интернет - кафелердің жұмыс тәртібін реттеу мақсатында облыс әкімдігі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. Қалалар мен аудандардың әкімдері:

балалар мен жасөспірімдердің денсаулығын сақтау жөніндегі жұмыстың күшесін қамтамасыз етсін;

қалалар мен аудандарда аула және жасөспірімдер клубтарының желісін, балалар шығармашылығы орталықтарын көбейту жөнінде шаралар қабылдасын.

2. Облыс ПБ (келісім бойынша) заңнамамен белгіленген тәртіпте:

өз балаларын тиісті түрде тәрбиелемейтін ата-аналарды;

кәмелетке толмағандарға темекі бүйімдарын және алкогольді ішімдіктерді откізетін кәсіпкерлерді әкімшілік жазаға тарту жөніндегі жұмыстың жандануын қамтамасыз етсін.

3. Облыс мемлекеттік санитарлық-эпидемиологиялық қадағалау департаменті :

компьютерлік клубтар мен интернет-кафелер иелерінің кәмелетке толмағандарға компьютермен жұмыс жасау кезінде Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленген санитарлық ережелер мен нормаларды бұлжытпай орындауларын қамтамасыз етсін;

көрсетілген санитарлық ережелер мен нормаларды бұзғандары үшін кінәлі тұлғаларды заңнамамен белгіленген тәртіпте жауапкершілікке тартсын;

балалар, жасөспірімдер мен олардың ата-аналары арасында санитарлық-ағарту жұмысының тұрақты жүргізуін қамтамасыз етсін.

4. Облыс білім, туризм және спорт департаменттері:

кәмелетке толмағандарды спорттық клубтар мен секцияларға бұдан әрі қатыстыру жөнінде шаралар қабылдасын;

облыс мектептерін танымдық, дамыту сипатындағы, балалар мен

жасөспірімдердің мінез-құлқында агрессияны, қатыгездікті тудырмайтын компьютерлік бағдарламалармен қамтамасыз етуге қол жеткізсін.

5. Облыс денсаулық сактау департаменті алкогольді, темекіні және есірткіні қолданудың алдын алу мақсатында балалар мен жасөспірімдердің медициналық тексерілуін жүйелі түрде өткізу ді қамтамасыз етсін.

6. Осы қаулының орындалуын бақылау облыс әкімінің орынбасары Р.М. Жұмабековаға жүктелсін.

Облыс әкімі

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК